

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
«Дене шынықтыру және спорт» факультеті



ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Ұлттық музей-қорық жобалары: Ботай, Сарайшық,
Бозок, Бекет Ата

Орындаған: Мөлке Б
Нуралиев А
Бисенбек Б
Тобы: 1402-12-07
Қабылдаған: Мантаева Т


Шымкент 2022

ЖОСПАРЫ


- ▶ 1.Қазақстандағы ұлттық көне музейлер
- ▶ 2.Ботай мәдениеті
- ▶ 3.Сарайшық мәдениеті
- ▶ 4.Бозок мәдениеті
- ▶ 5.Бекет Ата мәдениеті

Ұлттық музей қорық жобалары- Ботай, Сарайшық, Бозок, Бекет ата.


Ботай




Сарайшық



Бозок



Бекет ата




БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ

Ботай мәдениеті – [энеолит](#) дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. [Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Никольское](#) ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 км жердегі Ботай қоныстарына байланысты аталған. Қазба жұмыстарын жүргізген [Солтүстік Қазақстан университетінің археологиялық](#) экспедициясы (1981 – 83, жетекшісі В.Ф. [Зайберт](#)) 15 га жерді алып жатқан қоныстан 158 үйдің орны қазылып аршылды. Олар қабырғалары бір-біріне жалғастырып салынған бірнеше тұйықталған бөліктерден тұрады. Кейбіреулерінде 30-ға тарта үйлер болған. Шаруашылық құралдары түрлі тастардан, балшықтан және сүйектерден жасалынған. Ботай мәдениетін жасаған [тайпалар](#) жылқыны қолға үйреткен.

Тастан жасалған пышақ, [қанжар](#), [жебенің](#), [найзаның](#) ұштарының көптеп табылуы қоғам өмірінде аңшылықтың рөлін айқын көрсетеді. Сонымен қатар [гарпун](#), [ине](#), [жуалдыз](#), [тескіштер](#), [тұмар](#) және [әшекей](#) бұйымдардың кездесуі шаруашылықтың әр саласынан хабар береді.




Ертіс пен Жайық өзендерінің аралығын мекендеген Ботай тайпаларының тарихы бүгінге дейін әлем ғалымдарының назарын аударып отыр. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау өңіріндегі Ботай ескерткішіне өткен ғасырдың 80-жылдарының алғашқы жартысында тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Археология және дала өркениеті» ҒЗИ директоры, Герман археологиялық институтының корреспондент-мүшесі Виктор Зайберттің жетекшілігімен зерттеу жұмыстарының басталғаны белгілі. Міне, сол аралықтан бергі қырық жылға жуық уақыт ішінде энеолит дәуіріне тиесілі Ботай мәдениетінің жұмбақ әлемі ғалымдарды әр кез тың жаңалықтарымен таңдандырып келеді. Ғалым Виктор Зайберт дала өркениетінің бастамасына айналған әрі Еуразияда жылқыны қолға үйретушілердің алғашқы мекені болған Ботайда жатқан тарихи әлемнің құнды жәдігерлеріне қатысты ойларымен бөліскен еді.



Сарайшық қаласы

Сарайшық, Кіші Сарай – [орта ғасырларда Алтын Орданың](#) ірі сауда және экономикалық орталығы. Бұл қала [Жайық](#) өзенінің қазіргі [Атырау](#) қаласынан 50 км жоғары орналасқан.



Тарихы

Сарайшық (Сарай-Жүк) қаласының пайда болуын тарихшы ғалымдар [13 ғ.](#), [Шыңғыс хан](#) мен [Бату ханның](#) шапқыншылығымен байланыстырады. Әзірге белгілі болған деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер [14 ғ.](#) алғашқы жартысынан басталады да, оларда Сарайшық гүлденген қолөнер мен сауда қаласы болғандығы айтылады.

Зерттеу барысында «ханның» салу ерекшеліктері анықталды. Сонымен бірге, өткен маусымда бес құрылыс кезеңін анықтауға мүмкіндік алынды. Археологиялық зерттеу барысында қалашықта нумизматикалық материалдардан басқа қалалықтардың көптеген күнделікті қолданыс заттары табылды: қыштан жасалған заттар (құман, құмшы, шығыр, құмыралар, көзелер, шырақтар, түбектер, кесе, пиала) өсімдіктер мен зооморфты өрнектер және түрлі араб шрифтімен, сонымен бірге, трапезундық және қырым амфораларының бөлшектері, қытай фарфорынан жасалған табақтың бөліктерімен безендірілген. Қазбалар барысында көптеген сүйектен, темір мен қоладан жасалған бұйымдар кездеседі. Одан басқа, ортағасырлық моншаның қалдығы табылып, зерттелді.

Жазба деректер

Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ-ғалымы, саяхатшысы - [Ибн-Батута](#). Ол өзінің саяхаттарының бірінде [1334](#) ж. «Үлкен Сарай» қаласынан шығып ([Сарай-Берке](#) — [Алтын Орданың](#) бас қаласы), [Азияға](#) жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол

Біз Сарай қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарай-жук қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу» деп аталған үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейін екінші жүзбелі көпір осында екен.

Ол кезде [Алтын Орда](#) үлкен Сарай, Сарайшықты кіші Сарай деген мағынаға байланысты. Бұдан кейін Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған орыс патшасы [Иван Грозныймен](#) дос болған ағылшын көпесі - [Антоний Дженкинсон](#). Ол [1558—59](#) жж. [Каспий теңізінің](#) солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасауы кезінде Сарайшық қаласына соғып былай жазған:

Теңізден бір күндік сапарда үлкен өзен жағасындағы гүленге Сарайшық деген қалаға келдік. Бұл қала орыс патшасымен көңілдес Измаил деген татар князінің қол астында екен. Шығыс пен батысты байланыстыратын керуен жолының үстінде болғандықтан қолөнері мен саудасы дамыған қала екен.

Зерттеулер

ҚКСР ғылым академиясының [1950](#) ж. [Батыс Қазақстанда](#) жүргізген Сарайшықты [12 ғ.](#) араб тарихшылары еңбектерінде аталатын, орта ғасырда археологиялық экспедициясының қорытындысы негізінде белгілі археологтар С.П. Толстов пен Г.И. Пацевич «өмір сүрген Саксин қаласының орнында бой көтеріп, жаңа атауға ие болған қала. Саксин [10—11](#) ғғ. [Хорезм](#) тұтқындарының көмегімен сауда жолының бойында салынған еді» дейді де Сарайшықтың өмір дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөледі:

1. [12 ғ.](#) — қала іргесінің қаланып бой көтеруі.
2. [13—14](#) ғғ. — [Алтын Орда](#) өмір сүрген кезеңдегі [Еуропаның](#), [Орта Азия](#), [Қазақстанды](#) манғолдар және қытаймен жалғастырған ірі сауда орталығы болу, яғни қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі.
3. [15—16](#) ғғ. — [Ноғай ордасының](#) орталығы болуы, [орыс-қазақтар](#) шабуылынан күйреп, қирауы.


Бозок қаласы

Бозок — ежелгі қалашық.

Шамамен 8 ғасырда өмір сүрген. Жергілікті билеушінің ордасы саналған.

Бозоқтың гүлденген кезі жергілікті түркілердің арасында [қыпшақтардың](#) беделі артқан 10 — 11 ғасырға сәйкес келеді. 11 ғасырдың басында бүкіл қазақ даласы қыпшақ мемлекеті болып аталды. Қаланың орналасқан жері туралы алғашқы ақпарат [патша](#) армиясының офицері, геодезист [И.](#)

[Шангиннің](#) жазбаларында кездеседі. Бозоқтың аумағы 30 га жерді алып жатыр. [Астана](#) қаласының оңтүстік-батыс шетінде Бұзықты көлінің шығыс жағалауында орналасқан.



Бозоқтың аумағы 30 га жерді алып жатыр. [Астана](#) қаласының оңтүстік-батыс шетінде Бұзықты көлінің шығыс жағалауында орналасқан. Қалашық [Нұра](#) өзенінің [Есіл](#) өзеніне өте жақын ағып келетін тұсында орналасқан. Осы тұста олардың арасын 40 км жер бөліп жатыр. Бұл жер шаруашылық мақсаттарға, әскери-стратег. дайындық өткізуге, керуен жолдарын бақылауға алуға өте қолайлы болған. Бұл ортағасырлық қалашық 10 — 11 ғасырлардағы ескерткіші — аумақтың әкімшілік және сауда орталығы, сонымен қатар [Ұлы Жібек жолы](#) бойындағы қыпшақ билеушілерінің әскери ордасы болған. Сонымен қатар діни-ғибадаттық шаралар өткізетін және адам аз тұратын маң далада жолаушылар мен сауда керуендеріне географиялық бағдар беретін орталық саналған.

13 — 15 ғасырларда қалашық орны қасиетті, киелі саналып, ақсүйектерді жерлейтін орынға айналды. Бозоқ адамдардың рухани өмірінде де ерекше маңызға ие бола бастады. [Мұсылмандар](#) арасында киелі орын саналып, бұл жерде құлшылық етіп, әруақтарды еске алып, ас берілетін болды, ұлттық ойындар ойналып, жарыстар өткізіліп тұрды. Сонымен қатар жолаушылар мен керуендердің дем алып, түнейтін орнына айналды. Бозоқ солт-тен оңт-ке қарай [Есіл](#) — [Нұра](#) — [Қорғалжын](#) — [Сарысу](#) — [Сырдария](#) бағытындағы, шығыстан батысқа қарай [Моңғолия](#) — [Алтай](#) — [Хазария](#) — [Болгария](#) — [Русь](#) бағытындағы керуен жолдардың түйіскен жерінде орналасқан. Қалашықтың ғарыштан фототүсірілімі жасалған.

ЗЕРТТЕУЛЕР

Зерттеу барысында қалашықтың құрылысы күйдірілген кірпіштен тұрғызылғаны анықталды. Бозоқ қалашығы X-XII ғ ірі саяси және қолөнер орталығы болған.

Бозоқ қаласы



Бозоқ (Бұзоқ) - ортағасырдағы керуен жолының бойында орналасқан қала 40 шақырым кеңістік бөліп тұрады. Қала орны жанынан канал, арық, суландыру құрылысы табылды. Бұл жерде археологиялық қазба жұмыстары 1999 жылдан жүргізілуде. Бозоқ қалашығын салған оғыз-түркілердің бозоқ тайпасы деген жорамал бар.

Бекет ата мешіті

Бекет ата — [Маңғыстау](#), [Үстірт](#), [Жем](#) бойындағы Бекет Ата есімімен байланысты жер асты ғимараттарының ортақ атауы



Тарихы

Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған. [Бекет Ата Мырзағұлұлы](#) (1750- 1813) - әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері Жем өзені бойындағы [Ақмешіт](#) Құлжан, Маңғыстау өңірі. Бекет Атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбексүйгіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адайлар өзінің ұранына айналдырған. Халық Бекет Атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырған.

Бекет Ата бес мешіті бар. Оның бірі маңғыстаудан қашық емес, [Оғыландыда](#), екіншісі [Бейнеуде](#), үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы [Баялыда](#)», бесіншісі Маңғыстау ауданы Тобықтыда дейді. Бекет Ата бұл мешіт-медреселерде құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан. Бекет Ата ескерткішінің бірі - Жем өзені бойындағы Ақмешітте, [Күлсары](#) қаласына жақын жерде. Әктасты жартасқа қоржын там етіп ойып жасалған шағын ғимарат. Оның басына кейін қос кесене тұрғызылған. Екіншісі - Ескі Бейнеуде, ұлутасты шатқалға қашалған. Бөлмелері құлап, үгітіліп, байырғы қалпын жоғалта бастаған. Баялыдағы ескерткіш-ғимараттың жай-күйі мәлім емес. Бекет Атаның [Оғыландыдағы](#) жер асты ғимараты жақсы сақталған. Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген бір тұмсығының үзіліп қалған шоқысына қашалған. Үш-төрт қанат киіз үй көлеміндей үш бөлме. Бекет ата мүрдесі осы бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Немересі Мұрынның мүрдесі де осы бөлмеге қойылған. Кіреберіс бөлмеден жоғары шығатын есік арқылы жоғары бөлмеге баруға болады. Онда Бекет Атаның қызы жерленген.



© NINA SANJEEV


intel

Nikon

PHOTO SAFARI

PHOTO SAFARI





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ

